




ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК АКАДЕМИЯЛЫҚ  
БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР  
ТЕАТРЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ  
МИНИСТРЛІГІ

# Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры



# Негізгі мәліметтер

- Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры тағылымды шығармаларын мемлекеттік тілде сахналап келе жатқан тарихы терең, іргелі ұжым. Театр **1946 жылдың 4 шілдесі күні** А. Толстойдың **«Алтын кілт»** пьесасы бойынша қазақ тілінде тұңғыш рет спектакль қойып, ресми түрде тұсауын кесті.
- Театрдың өсіп-өркендеуі мен кәсіби деңгейінің көтерілуіне Н.И.Сацтан бастап, режиссерлер: **С.Шәріпов, Мен Дон Ук, В.Пұсырманов, Е.Обаев, М.Байсеркенов, Қ.Жетпісбаев, Р.Сейтметов, Н.Жақыпбай, Ж.Хаджиевтер** мол үлес қосты. Бүгінгі шығармашылық құрам да қазақ өнерінің хас шеберлері **Л. Кәденова, Г.Қазақбаева, Қ.Қуандықов, Ж.Құрманбеков** сынды талант иелерінен тұрады.
- 2016 жылдан бері, 27 наурыз – Халықаралық театр күніне орай «Алтын сақа» дәстүрлі театрішілік жаңа қойылымдар фестивалі өткізіліп келеді. Сонымен қатар, театр ұжымы республикалық, халықаралық театр фестивальдеріне қатысып, жүлдегерлер қатарынан көрініп келеді.



# Театрдың мақсаты мен міндеті

- **Театрдың басты мақсаты** – тағылымды қойылымдарын сахналай отырып, өскелең ұрпақтың бойына рухани азық сыйлау. Ұлттық өнердің кәсіби өркендеуіне, әлемдік өнер кеңістігінде қазақ мәдениетінің дәріптелуіне үлес қосу.
- **Міндеттері:**
  - көрерменді рухани, мәдени және эстетикалық тәрбиеге баулу;
  - балалар мен жасөспірімдерге арналған әлем, орыс және қазақ әдебиетіндегі үздік шығармаларын, сондай-ақ, Ғ.Мүсірепов театрының дамуы жолында жұмыс жасап жатқан режиссерлер, драматургтер мен артистердің еңбектерін насихаттау;
  - әртүрлі жастағы көрермендер үшін шығармашылық, көркемдік деңгей мен жанр түрлерін дамыту;
  - театр артистерінің кәсіби біліктіліктерін арттыру мақсатында халықаралық театр фестивальдеріне қатысу және ұйымдастыру;
  - әлемдік тәжірибелерді үйрену және алмасу мақсатында Қазақстан аймақтарында және шет мемлекеттерге гастрольдік сапарлар ұйымдастыру.



# Театр бағындырған белестер

- 2022 жылдың 11-17 сәуірінде «Оян, қалыңдық» спектаклімен Алматы қаласында өткен «Тотал театр» театрының **«МАХАББАТ ТУРАЛЫ СПЕКТАКЛЬДЕР АПТАЛЫҒЫ»** атты фестиваліне қатысып, Мақсат Рахмет – «Сүйікті актер», Динара Нұрболат – «Сүйікті актриса» номинацияларын жеңіп алды;



- 2022 жылдың 14 маусымында Қазақстан Театр қайраткерлері Одағының ұйымдастыруымен өткен **«ЕҢЛІКГҮЛ-2022»** кәсіби театр сыйлығының марапаттау рәсімінде театрдың көркемдік жетекшісі, режиссер Фархад Молдағали **«Үздік режиссер»** номинациясына ие болды;
- 2022 жылдың 20–23 қыркүйегі аралығында Ақтау қаласында өткен II Халықаралық **«ABISH ALEMİ»** театр фестиваліне «Король Лир» спектаклімен қатысып ГРАН-ПРИ иеленді;



- 2022 жылы 15–23 қазан аралығында Түркия астанасында өткен VIII халықаралық **«АНКАРА»** қуыршақ театрлары фестиваліне ересектерге арналған «Қаһар» моноспектаклімен және балаларға арналған «Ойнайық та, ойлайық» қойылымымен қатысып, арнайы дипломға ие болды;



- 2022 жылы 17–24 қазан аралығында Ш.Жандарбекованың 100 жылдығына арналған Қазақстан драма театрларының фестиваліне «Оян, қалыңдық» спектаклімен қатысып, **«ҮЗДІК АКТЕРЛІК ДУЭТ»** – Дархан Сүлейменов, Жанар Мақашева иеленсе, **«ШОЛПАН ЖҰЛДЫЗ»** үздік актриса – Жанар Мақашева атанды;



- 2022 жылдың 25 қазан – Республика күні мерекесіне орай театрымыздың артисі Қадырғазы Қуандықов «**ПАРАСАТ**» орденімен марапатталды;
- 2022 жылдың 1-7 қараша күндері Орта Азия театрларының Халықаралық фестиваліне «Шағала» қойылымымен қатысып, **ГРАН-ПРИ** және Гүлбахрам Байбосынова «**ҮЗДІК ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ**» номинациясын иеленді;



- 2022 жылдың 1–7 қараша күндері **«БУРСА» XXVI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨПІРІМДЕР ТЕАТРЛАРЫНЫҢ ФЕСТИВАЛІНЕ** «Қарагөз» спектаклімен қатысып, арнайы дипломмен марапатталды.
- 2022 жылы 19 желтоқсан күні Қазақстан театр сыншылары бірлестігінің «Қазақстан театрлары – 2022» мониторинг және **«Сыншылар жүлдесі»** қорытындысы бойынша театр директоры Талғат Есеналиев **«Жыл театр менеджері»**, театр артисі Сағызбай Қарабалин **«Жыл актері»** номинацияларын иеленді.
- 2022 жылы 23 желтоқсан күні Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастыруымен UMAI ұлттық сыйлығын театрдың көркемдік жетекшісі **ФАРХАД МОЛДАҒАЛИ «СПЕКТАКЛЬДІҢ ҮЗДІК РЕЖИССУРАСЫ ҮШІН»** номинациясында жеңімпаз атанды.





# ТАБЫС КӨРСЕТКІШІ

**2021**

36 637,0

МЛН

**2022**

109422,0

МЛН

Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының **2021 - 2022 жылдары театр билеттері сатылымынан кірген табыс статистикасы**



# ФЕСТИВАЛЬДЕРГЕ ҚАТЫСУ БОЙЫНША КӨРСЕТКІШ

**2021 жыл - 4**

Республикалық фестивальдер саны

**-2**

Халықаралық фестивальдер саны

**-2**

**2022 жыл - 7**

Республикалық фестивальдер саны

**-2**

Халықаралық фестивальдер саны

**-5**



# КӨРЕРМЕН САНЫ КӨРСЕТКІШІ

Стационарда

96879

Гастроль/көшпелі қойылым

4086

Фестиваль

2700

Қайырымдылық тегін көрсетілім

914

**Барлығы – 104 579**



# КӨРСЕТІЛГЕН ҚОЙЫЛЫМДАР КӨРСЕТКІШІ

227

Кешкі спектакльдер

227

Балаларға арналған спектакльдер

67

**Барлығы – 344**



# ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ҚАРАЛЫМ КӨРСЕТКІШІ


227



**950 K**



**600 K**



**1 M**



**5 K**



# БАСПАСӨЗ ҚҰРАЛДАРЫМЕН БАЙЛАНЫС БОЙЫНША КӨРСЕТКІШ

Телеарна түсірілімдері (сұхбат, деректі фильмдер, радио, жаңалықтар)

63

Республикалық, қалалық (интернет-порталдар) басылымдардағы мақалалар

38

**Барлығы - 101**

